

Тамды орта мектебінің 2023-2024 оқу жылында Қамқоршылық кеңес отырыстарының хаттама №1

03.11.2023ж

«Тамды орта мектебі мемлекеттік мекемесінің ата-аналар комитетінің жиналысы болып өтті.

Қатысуға тиіс: 40

Қатысқаны: 31

Күн тәртібінде:

1. Мектепте қамқоршылық – қорғаншылық кеңесінің құрылуы жайлы
Л.Сағымбаева
2. Қамқоршылық – қорғаншылық кеңесінің құрамын сайлау.
А.Жарикова

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, яғни мектептегі қамқоршылық – қорғаншылық кеңесінің құрылуы жайлы осы мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Сағымбаева сөз алды. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оның сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде мектепте міндетті түрде қамқоршылық – қорғаншылық кеңесінің құрылуы туралы керектігін атап айтты. Құрылған кеңестің негізгі жұмысы мектептегі аз қамтылған отбасының балаларына қажетті көмектермен қамтамасыз ету керектігін көрсетті. Кеңестің негізгі мақсаты - міндетті білім қорынан бөлінген қаржыға аз қамтылған, жетім, жартылай жетім, көп балалы отбасыларынан шыққан оқушыларға көмек көрсету және ата-аналар тарапынан мектептің материалдық базасын нығайтуға демеушілер тарту екенін атап айтты.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Жарикова білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оның сайлау тәртібінің жалпы ережелеріне сәйкес кеңес құрамы ең кемі тоғыз адамнан болады. Сонымен қатар олар мынандай адамдар болуы шарт кеңес мүшелерінің саны тақ, бір-бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекежаттық қатынасы жоқ болуы керек. Менің ұсынысым мына төмендегідей құрамда құрылсын.

1. К.Байгазин - комиссия төрағасы.
2. Л.Сағымбаева- хатшы
3. А.Айбатша - мүшесі
4. А.Аскарова- мүшесі
5. М.Аманов - мүшесі
6. А.Тауман - мүшесі
7. А.Карабалина - мүшесі
8. Б.Рыспаева - мүшесі







Сөйлеушілер: 4 «а» сыныбының ата-аналар комитетінің төрайымы Г.Кушетова сөз алып, мектепте қамқоршылық кеңес жүйелі түрде жұмыс атқаруы тиіс. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде, білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оның сайлау тәртібінің жалпы ережелеріне сәйкес кеңес құрамы ең кемі тоғыз адамнан болады. Менің ұсынысым аттары аталған кеңес мүшелері сайлансын.

9 «б» сыныбының ата-аналар комитетінің төрайымы Л.Койнова сөз алып менің айтайын дегенім, мектептің материалдық техникалық базасын жаңартуға да, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына жиналған қаражат есебінен көмек көрсету. Менің ұсынысым жоғарыда аттары аталған кеңес мүшелері сайлансын. Күн тәртібіндегі мәселені тыңдап талқылай келе ата-аналар комитеті жиналысы қаулы етеді.

Қаулы:

1. 2023-2024 оқу жылына мектепте қамқоршылық кеңесі құрылсын.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын жандандыру, мектепке демеушілер тарту кеңес мүшелеріне міндеттелінсін.
3. Мектепте 2023-2024 оқу жылына жаңа құраммен кеңес 7 адамнан құрылсын.
4. Кеңеске жоғарыдағы құрам мүшелері енгізілсін.

Комиссия төрағасы  К.Байгазин

Кеңес мүшелері  А.Айбатша
 А.Аскарова
 М.Аманов
 А.Тауман
 А.Карабалина
 Б.Рыспаева

Хатшы:

 Н.Сағымбаева